




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



# ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Сәуір 2025


Жылдық инфляция 10,7%-ға дейін жеделдеді. Азық-түлік пен ақылы қызмет бағасы өсіп, азық-түлік емес тауарлар бағасының өсу қарқыны баяулады. Өңдеу өнеркәсібі мен өсімдік шаруашылығындағы өндірушілердің бағасы жеделдеп, ішкі тұтынушылық сұраныстың тұрақты деңгейімен бірге бағаға айтарлықтай қысым түсіріп отыр. Бағаға қосымша қысым көрсеткен тағы бір фактор – соңғы екі жылда ең жоғары деңгейге жеткен әлемдік азық-түлік бағасы.

Азық-түліктің жылдық инфляциясы наурыздағы 7,6%-ға қарағанда өсіп, сәуірде 8,5%-ға дейін жеделдеген. Оған үлес қосқан негізгі себеп – жекелеген азық-түлік өнімдері мен нарықтық қызметтердің қымбаттауы. Ал азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны сәл баяулады.

Айлық инфляция баяулағанына қарамастан, әлі де жоғары деңгейде қалып отыр – 1,2%. Маусымдық факторлар ескерілген инфляция өткен айдағы деңгейде сақталып, 1%-ды құрады.


Маусымдық факторлар ескерілген көрсеткіштер бойынша азық-түлік пен азық-түлік емес тауарлар бағасының өсу қарқыны баяулағанымен, ақылы қызметтер инфляциясы, керісінше, жеделдеді. Алдыңғы аймен салыстырғанда, азық-түлік бағасының өсуі 1,3%-дан 0,8%-ға, ал азық-түлік емес тауарлар бағасы 0,7%-дан 0,5%-ға дейін баяулады. Ақылы қызметтер бағасының өсу қарқыны 1%-дан 1,8%-ға дейін қарқын алды. Маусымдық факторларды есептегенде, көкөніс, ет, аурухана, шаштараз, қоғамдық тамақтану, байланыс және амбулаториялық қызметтер бағасының айтарлықтай өскені байқалды.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілмеген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

<sup>1</sup> Базалық инфляция – бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Қысқартылған орташа мән сол айдағы бағалардың ең аз 10% және ең көп 10% маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерін есептен шығару арқылы есептеледі; ең құбылмалы 8 компонентсіз базалық инфляция инфляциядан соңғы 2 жылдағы бағалардың маусымдық факторлар ескерілмеген өзгерістерінің стандартты ауытқуы ең жоғары 8 компонентті алып тастау арқылы анықталады; медиана – сол айда маусымдық факторлар ескерілмеген бағаның өзгеруін бөлудің 50% процентилі. Қазақстан Ұлттық Банкі базалық инфляцияны көптеген тәсіл арқылы бағалайды. Есептеу әдістемелерінің сипаттамасы Ұлттық Банктің ресми сайтында «Қазақстанның базалық инфляцияны бағалау әдістері» мақаласында жазылған.

Әртүрлі әдістермен есептелген маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні, өткен айдағыдай, айлық көрсеткіш бойынша 0,9%-ды құрады<sup>1</sup>. Бұл ретте 10% шектен тыс өзгерістерді алып тастағанда, базалық инфляция 0,8%-ға дейін баяулап, ең құбылмалы сегіз компонентті алып тастағанда 1%-ға дейін жеделдеді.

Базалық инфляцияны бағалау диапазонының шекаралары өткен аймен салыстырғанда төмендегенімен, әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Бұл факторлар көптеген тауар мен қызметке түскен инфляциялық қысым әлі де бар екенін көрсетеді.

### Азық-түлік инфляциясы

Сәуірде азық-түліктің жылдық инфляциясы 8,5%-ға дейін жеделдеп, наурыздағы 7,6%-бен салыстырғанда өскен. Айлық инфляция 1,1%-ға дейін баяулағанымен, әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Маусымдық факторлар ескерілген инфляция 0,8%-ға дейін баяулады. Сәуірде ең көп қымбаттаған тауарлар – көкөніс, жеміс-жидек, ет, балық пен теңіз өнімдері, сондай-ақ қант.


Сәуірде ет бағасының бір айдағы өсу қарқыны 1,4% болды, бұл ауылшаруашылық өндірушілерінің бағаны өсіруімен байланысты. 2024 жылдың соңында және 2025 жылдың басында тұтынушылық бағалар, негізінен, сиыр етіне ұсыныстың азаюы салдарынан өскен болса, қазір жылқы еті мен қой еті де қымбаттап отыр. Бұл да ауыл шаруашылығы өндірушілерінде бағаның өсуімен түсіндіріледі.

Сәуірде көкөніс бағасының өсуі 2,8%-ға дейін баяулағанымен, көрсеткіш осы кезең үшін жоғары деңгей болып қалып отыр. Бұл 2024 жылы жалпы өнімнің аз жиналуына және кейбір көкөніс түрлерін өндірушілердің қымбаттатуына байланысты болды. Бір айда айтарлықтай қымбаттаған өнімдер: ақ қырыққабат – 20,2%-ға, қызылша – 11,7%-ға, пияз – 11,5%-ға және картоп – 7,1%-ға. Ал, қияр бағасы 14,3%-ға, қызанақ 5%-ға арзандады.

Сәуірде қант бағасы 2,2%-ға өсті. Бұл Ресейден келетін импортқа тәуелді болуымызға және Ресей рублінің нығаюына байланысты болды. Қант бағасының өскені 2025 жылғы ақпаннан байқалды: дәл осы кезеңде рубль нығая бастады. Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2024 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанға жеткізілген ақ қанттың 74%-ы Ресейден импортталған.


Алдыңғы айға қарағанда баяулағанына қарамастан, жеміс-жидек бағасының өсу қарқыны әлі де жоғары: 1,6% деңгейінде. Маусымдық факторларды ескергенде, жеміс-жидек бағасының өсуі қалыпты (0,4%) деңгейде болды. Бұл қымбаттау үрдісі негізінен маусымдық сипатта екенін көрсетеді. Едәуір қымбаттағаны – лимон (7,1%), жүзім (6,5%) және алма (2,1%). Ал банан бағасының өсу қарқыны наурыздағы 14,3%-дан 0,3%-ға дейін баяулады. Жеміс-жидек

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

инфляциясына кері әсер еткен факторлар – апельсин (-2%), алмұрт (-0,4%) және кептірілген жеміс (-0,1%) бағасының төмендеуі.

### Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары

Әлемнің азық-түлік нарығында жағдай нашарлағаны байқалады. Сәуірде БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) азық-түлік бағасын көрсететін индексі өткен аймен салыстырғанда 1,0%-ға өсіп, жылдық мәнде 7,6%-ға артты. Индекстің өсуіне, негізінен, дәнді-дақылдар, ет және сүт өнімдері бағасының қымбаттауы әсер етті. Ал қант пен өсімдік майы бағасының төмендеуі жалпы өсімді біршама тежеді. Баға динамикасына айтарлықтай әсер етіп отырған негізгі фактордың бірі – АҚШ-тың сауда саясаты. Соның аясында валюталар бағамында құбылмалылық артып, сұраныс келешегіне алаңдаушылық күшейді.

2025 жылғы сәуірде дәнді дақылдар бағасы наурызбен салыстырғанда 1,2%-ға өсті, бірақ жылдық көрсеткіште 0,5%-ға төмендеді. Баға өсімі барлық негізгі дақылдар бойынша – бидай, жүгері, жем-шөп дақылдары мен күріш бағасында байқалды. Бұл өсім Ресей экспортының азаюына, валютаның құбылмалылығына (әсіресе, еуроға шаққандағы доллардың әлсіреуіне), АҚШ тарапынан сауда шектеулерінің жеңілдеуі аясында Мексикадағы сұранысқа қатысты болжамның жақсаруына, сондай-ақ әлемдік сұраныстың тұрақтылығына байланысты болды.

Әлемдік нарықта ет пен сүт өнімдері бағасының өсуі тұрақты сұраныс пен негізгі өндірушілер тарапынан ұсыныстың шектеулі болуымен түсіндіріледі. Ал өсімдік майы мен қант бағасының төмендеуі экспорттық жеткізілімдердің қалпына келуімен және Бразилияда күткеннен жоғары өнім алынуымен байланысты түсіндіріледі.

Ұн бағасының өсу қарқыны біршама баяулағанына және теңгенің сәл әлсіреуіне қарамастан, дәнді-дақылдар бойынша ішкі және әлемдік баға арасындағы айырмашылық әлі де айтарлықтай жоғары деңгейде. Осындай теріс айырма ет пен қант бойынша да сақталып отыр. Ал өсімдік майы мен сүт өнімдерінің бағасы сыртқы бағаларға баяу реакция берді. Бұл, мүмкін, осы өнім түрлері бойынша сыртқы сауда көлемінің төмендігімен және ішкі өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейінің жоғары болуымен байланысты.

1-кесте. Азық-түліктің сыртқы және ішкі бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Сәуір	Желтоқсан	Ақпан	Наурыз	Сәуір
<b>Дәнді дақылдар (ФАО)</b>	133,5	155,1	152,7	146,4	153,2
Ұн ТБИ	193,2	199,2	200,4	200,9	198,7
Баға айырмашылығы, п.п.	59,7	44,0	47,6	54,4	45,5
<b>Өсімдік майлары (ФАО)</b>	150,3	216,6	203,0	207,2	209,2
Өсімдік майлары ТБИ	150,2	168,7	180,0	180,6	181,9
Баға айырмашылығы, п.п.	0,1	31,6	23,1	26,5	27,3
<b>Қант (ФАО)</b>	177,8	195,0	188,7	183,1	182,7
Қант ТБИ	222,2	207,0	209,4	215,9	220,6
Баға айырмашылығы, п.п.	44,4	12,0	20,7	32,7	37,9
<b>Ет (ФАО)</b>	127,4	152,1	144,7	143,7	153,2
Ет ТБИ	152,3	155,1	160,2	163,8	166,1
Баға айырмашылығы, п.п.	24,9	3,0	15,5	20,1	12,9
<b>Сүт өнімдері (ФАО)</b>	139,3	185,9	188,4	186,6	197,4
Сүт өнімдері ТБИ	177,6	181,4	181,8	182,4	183,3
Баға айырмашылығы, п.п.	38,3	5,8	6,6	4,3	14,1

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) азық-түлік индекстері көрсетілген. Олар АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа айлық бағамы бойынша қайта есептелген. Қызыл түспен – ішкі бағалар әлемдік бағалардан жоғары болған жағдайлар (теріс айырма) белгіленсе, жасыл түспен – керісінше, ішкі бағалар сыртқы бағалардан төмен болған жағдайлар көрсетілген.

### Азық-түлік емес инфляция

Азық-түлік емес тауарлар бағасының жылдық өсімі наурыздағы 9,1%-дан сәуірде 8,9%-ға дейін баяулады. Баяулау үрдісі айлық көрсеткіш (0,6%) пен маусымдық факторлар ескерілген инфляция (0,5%) бойынша да байқалды.

Баға өсімінің баяулауы тауарлардың біршама түрінде тіркелді. Бұл үрдіс АҚШ долларына шаққанда валюта бағамындағы құбылмалылықтың инфляцияға тигізген ықпалы әлсіреуімен түсіндіріледі. Жыл басында байқалған бұл өзгерістердің тұтынушылық бағаларға ықпалы біртіндеп әлсіреген сайын, импорттық тауарлар бағасы да тұрақтала бастады. Бұл, өз кезегінде, азық-түлік емес тауарлардың соңғы бағаларына әсер етті. Сәуірде алдыңғы айларға қарағанда дәрі-дәрмек пен медициналық жабдықтар, жиһаз және үйге арналған заттар бағасының өсу қарқыны баяулады. Сонымен қатар тұрмыста және бау-бақшада қолданылатын ыдыс-аяқ, құрал-саймандар мен құрылғылар, сондай-ақ аудиовизуалды техника бағасы төмендегені тіркелді.


### Ақылы қызметтер инфляциясы

Сәуірде ақылы қызметтер бағасының жылдық өсімі 14,3%-дан 15,7%-ға дейін наурызда жеделдеді. Айлық инфляция да айтарлықтай өсіп, наурыздағы 1,3%-бен салыстырғанда 1,9%-ға өсті. Маусымдық факторлардан тазартылған көрсеткіш 1,8%-ға жетті (наурызда – 1%).

Ақылы қызметтер инфляциясының жеделдеуіне нарықтық қызметтер бағасының өсуі айтарлықтай үлес қосты. Оларға аурухана қызметтері, қоқыс шығару, қоғамдық тамақтану, шаштараз және жеке қызмет көрсету орындары, сондай-ақ амбулаториялық қызметтер жатады. Мұндай баға өсімі, бір жағынан, жалпы инфляцияның жеделдеуіне жауап ретінде нарықтық қызметтердің қайта бағалануын, екінші жағынан, инфляциялық күтулер артып, шығындар тұтынушыларға ауысқанын көрсетеді. Бұл процестерге, белгілі бір деңгейде жағымсыз жаңалықтар әсер етіп отыр.


Аурухана қызметтерінің бағасы бір айда 8,2%-ға өсіп, 2011 жылдан бергі ең жоғары айлық көрсеткішке жетті. Бұл өсім жергілікті сипатқа ие болып, негізінен, Түркістан облысында байқалды (21,4%). Шаштараз және жеке қызмет көрсету орындарының бағасы бір айда 3,7%-ға өсті. Бұл да – 2011 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш. Ең қатты өсім республикалық маңызы бар қалаларда тіркелді.

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызметтер инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Сәуірде реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер тарифінің өсуінен болған инфляциялық қысым шектеулі болды. Реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтердің бір айдағы өсу қарқыны наурыздағы 4,4%-бен салыстырғанда 0,2%-ға дейін баяулады. Жылдық өсім де 25,6%-дан 24,5%-ға дейін төмендеді.

Сәуірде кейбір реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтерінің баға өсімі баяулағаны байқалды: су бұру қызметтерінің тарифі 0,9%-ға өсті (наурызда – 11,9%), ал сумен қамту қызметтері 0,6%-ға қымбаттады (наурызда – 15,2%). Электр қуаты, газбен қамтамасыз ету және жылу энергиясы тарифтері өзгеріссіз қалды.

7-график. Реттелетін ЖКҚ бағасының өсуі, 2025 жылғы қаңтар-сәуір. %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

### Өндірушілер бағасы

Бидай бағасының төмендеуіне қарамастан, ауылшаруашылық өнімдерінен жекелеген түрлердің қымбаттауы азық-түлік өнімдерін өндіру шығындарына қосымша қысым көрсетті. Түпкілікті бағаның өсуі – жергілікті жерде өндірілген тауарлармен бірге сырттан әкелінетін тауарлардың өзіндік құнының өсуімен де байланысты. Сәуірде негізгі ауылшаруашылық өнімдері тоқтаусыз қымбаттап, азық-түлік өнімдерінің өзіндік құны өсті.


Отандық өнімдер экспортқа көптеп жөнелтілгендіктен, майлы дақылдар (11,6% ж/ж) мен май және тоң май өндірушілердің бағасы (15,4% ж/ж) да өсіп шыға келді.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден ұсыныс азайып, тірі салмақтағы мал мен құс бағасының (5% ж/ж), сондай-ақ жеміс-жидек пен көкөністің жекелеген түрлері қымбаттады. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің бағасы картопқа – 30,9%-ға, жылыжай қиярына – 23,4%-ға, жылыжай қызанақтарына – 8,1%-ға өсті.

Азық-түлік тауарларын өндірушілер үшін бағаның өсуіне қосымша фактор ретінде тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге, сондай-ақ тауарларды сақтау мен қоймаға орналастыру тарифтерінің көтерілуі айтылады.

Сонымен қатар, астық дақылдары бағасының арзандауы азық-түлік тауарларының бағасына инфляциялық әсер етуді жалғастыруда. Осы жылдың сәуір айында бидай өндірушілердің бағасы 10,1%-ға, қарақұмық пен жүгері 6,7%-ға және 2,0%-ға сәйкесінше төмендеді.

8-график. Ауыл шаруашылығындағы бағалар ж/ж, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Сәуір айында отандық өнімнің өзіндік құны өсіп қана қоймай, импорттық азық-түлік тауарлары да тоқтаусыз қымбаттады. ТМД елдерінен импортталатын азық-түлік тауарларының құрылымында – ет өнімдерінің (21,3% ж/ж), өсімдік майларының (13,4% ж/ж) және кондитерлік өнімдердің (19,6% ж/ж) көтерме бағасы өскені байқалады.

ТМД-дан тыс елдерден әкелінетін азық-түлік тауарларының ішінде жаңа піскен көкөніс пен жеміс-жидек (29,7% ж/ж), майлар мен тоң майлар (18,8% ж/ж), балық (21,5% ж/ж) және темекі өнімдері (13,7% ж/ж) қымбаттады. Бағаның өсуіне өндіруші елдердегі тауарлар бағасының өсуі, азық-түліктің жекелеген түрлеріне әлемдік бағаның өсуі, және теңгенің номиналды бағамының әлсіреуі әсер етті.

9-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағасы



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ